

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған
«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
7 сәуір 2016ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»,
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета
7 апреля 2016г.

PROCEEDINGS
of the international scientific-practical conference
“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty
7 April, 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

Редакционная коллегия:

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер: Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы _ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. _ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 _ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 _ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Абдолла Ж.Х.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

E-mail: jazi2307@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, магистр Құлмағанбетова А.С.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – экономиканың таяуда ғана пайда болған секторы. Аталмыш саланың негізгі анықтамасы төңірегіндегі даулар әлі күнге дейін тыншымай отыр. Әлеуметтік кәсіпкерлікті не коммерциялық, не коммерциялық емес салаға жатқызуға тырысуда. Алайда Ұлттық палата сарапшылары әлеуметтік кәсіпкерлік профиттік және нон-профиттік секторлар элементіне ие бола отырып, өзінің жеке заңдарымен тіршілік етіп, дамып жатқанын пайымдайды.

Бизнестің мақсаты табыс көру екені жалпыға белгілі. Ол нарық қатысушыларының мінез-құлық түрткісі мен логикасын айқындап береді.

Алайда коммерциялық емес сектордың негізгі міндеті – бұл барынша жоғары әлеуметтік әсерге қол жеткізу, қоғамдық маңызды түйткілдерді шешу. Сәйкесінше, бұл ортадағы жүріс-тұрыс логикасы, шешім қабылдау механизмі, табыстылық критерийлері және басқалары белгіленген түрткіге сәйкес құрылады.

Коммерциялық саладан да, комерциялық емес саладан да бөлек жатқан жаңа кеңістікте де орын алып отырғаны осы. Профиттік және нон-профиттік секторларда әрекет етуші тұлғалар осы жерден табылады, бірақ олардың өз мақсаттары, құндылықтар жүйесі, өзара байланыс, жүріс-тұрыс логикасы мен мотивациясы бар. Қоғамдық пайда мен қоғамдық маңызды түйткілдерді шешуге бағытталған өзіндік қарым-қатынас жүйесі бар. Әлеуметтік кәсіпкерлік – дәл осы ортаның өнімі.

«Әлеуметтік кәсіпкерлік» дегеніміз не? «Әлеуметтік» терминіне анықтама беру салыстырмалы түрде оңай. Бірақ, әрине, тұлғаның ба, әлде қоғамның мүддесі маңыздырақ па, не болмаса, экономиканың дамуы ма, әлде қоғамның басқа қажеттіліктері артық па, деп дауласуға болады, - алайда жалпы «әлеуметтік» ұғымының мағынасына қатысты айтарлықтай келіспеушіліктер жоқ. «Кәсіпкерлік» ұғымының жалпыға белгілі анықтамасын табу басқа дүние.

Кәсіпкерлікке әлемдік тәжірибеде көпшілік мақұлдаған анықтаманы табу біршама қиын болғандықтан, - кәсіпкерліктің өзі де – көп қырлы күрделендірілген процесс, - «әлеуметтік кәсіпкерлік» терминіне бір мағыналы анықтама беру де айтарлықтай қиындық тудырады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – бұл экономикалық тиімділікке қол жеткізу мен кәсіпкерлік жаңашылдықты әлеуметтік миссиямен біріктіретін әлеуметтік қызметті жүзеге асыру тәсілі.

Бұл жерде әлеуметтік кәсіпкерліктің негіз қалаушы белгілері туындайды:

- Әлеуметтік миссияның коммерция алдындағы біріншілігі;
- тұрақты коммерциялық әсер (өзін өзі ақтау және бәсекеге қабілеттілік);
- Әлеуметтік және экономикалық ресурстармен қисындастырудағы жаңашылдық[1].

Ел экономикасы үшін әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуы несімен пайдалы?

Әлеуметтік кәсіпкерлердің әлеуметтік түйткілдерді шеше отырып, жана немесе бұрын тартылмаған ресурстарды іздеуімен. Бұл мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін, не болмаса жалғыз басты аналар үшін арнайы жұмыс орындарын құру түйткілдерін шешу болуы мүмкін. Не болмаса қоршаған ортаны ластаумен байланысты түйткілдер. Әлеуметтік түйткілдер жетіп артылады, ал әлеуметтік кәсіпкерлер оларды шеше отырып, елдің жиынтық экономикалық тиімділігін көтереді, өйткені бұрын қолданылмаған ресурстарды экономикалық айналымға енгізеді.

Осы әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымының тарихына тоқталып өтетін болсақ, «Әлеуметтік кәсіпкерлік» (ағыл. *social entrepreneurship*) және «әлеуметтік кәсіпкер» (ағыл. *social entrepreneur*) терминдері әлеуметтік өзгерістер сұрақтарына арналып, алғаш рет 1960 жылдары ағылшын тілді әдебиетте аталды. Олар 1980 жылдары кеңінен қолданылатын болды.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті мамандық және зерттеу аймағы ретінде алғашқы рет 1990 жылдардың аяғында Дьюк университетінің Әлеуметтік кәсіпкерлік дамуы орталығының директоры Грегори Диз ұсынды.

1950-1990 жылдары Майкл Янг әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуда үлкен рөл атқарды. Гарвардтың профессоры Дэниэл Белл Янгты «әлеуметтік бастамалар саласындағы әлемдегі ең табысты кәсіпкер» деп атады, оның рөлінің арқасында Ұлыбританиядағы бірнеше әлеуметтік кәсіпкерлік мектептерін қосқанда бүкіл әлем бойынша 60-тан аса ұйымдар құрылды. Басқа британдық әлеуметтік кәсіпкер болып Британдық империя орденінің иегері, экономикалық және әлеуметтік жаңарту және қала территорияларын жақсарту жұмыстары үшін 2007 жылы пэр лауазымын алған Лорд Мосон табылады, ол «Әлеуметтік кәсіпкер» кітабының авторы және оның тәжірибесін таратумен айналысатын компанияның басқарушысы болып табылады.

«Әлеуметтік кәсіпкерлік» термині салыстырмалы түрде жаңа болғанымен, құбылыстың өзінің бұрыннан тарихы бар. Әлеуметтік кәсіпкерлікке үлгі бола алатын адамдардың қызметтерінің арасына мейірбикелер жұмысының үдемелі стандарттарын өңдейтін және олардың кең таралуына ықпал еткен, Ұлыбританиядағы мейірбикелер үшін бірінші мектептің негізін салушы Флоренс Найтингейлді; кооперативтік қозғалыстың негізін салушы Роберт Оуэнді; «Жерді сыйға беру» (ағыл. *Bhoodan movement*) үнді қозғалысының негізін салушы Винобу Бхавені (*विनोबा भावे*) жатқызуға болады. XIX және XX ғасырларда кейбір ең табысты әлеуметтік кәсіпкерлер пайдалылығы жоғары бағаланған, инновацияның кеңеюіне жағдай жасады, олар мемлекет немесе бизнестің қолдауымен ұлттық деңгейге енгізілген.

Кесте 1. Әлеуметтік кәсіпкерліктің пайда болу және даму эволюциясы

Жылдар	Ұсынған	Мақсаты
1990 жылдардың аяғында	Грегори Диз	Әлеуметтік кәсіпкерлікті мамандық және зерттеу аймағы ретінде ұсынды
1950-1990 жылдары	Майкл Янг	Ұлыбританиядағы бірнеше әлеуметтік кәсіпкерлік мектептерін қосқанда бүкіл әлем бойынша 60-тан аса ұйымдар құрды
2007 жылы	Лорд Мосон	«Әлеуметтік кәсіпкер» кітабының авторы және оның тәжірибесін таратумен айналысатын компанияның басқарушысы болды.
XIX-XX ғасырлар	Флоренс Найтингейл	Ұлыбританиядағы мейірбикелер үшін бірінші мектептің негізін салушы
	Роберт Оуэн	Кооперативтік қозғалыстың негізін салушы
	Винобу Бхаве	«Жерді сыйға беру» (ағыл. Bhoodan movement) үнді қозғалысының негізін салушы
	Иоанн Кронштадтский	Еңбексүйгіштік үйін құрды. Мұнда әрбір мұқтаж (жалғыз басты аналардан баспанасыздарға дейін) адам өздеріне жұмыс таба алды, баспана және қамқорлық алды.

Ресейде әлеуметтік кәсіпкерлік XIX-XX ғасырлар тоғысында пайда болды. Әлеуметтік кәсіпкерлік үлгісінде Иоанн Кронштадтский әкемен негізделген, Еңбексүйгіштік үйін айтуға болады. Мұнда әрбір мұқтаж (жалғыз басты аналардан баспанасыздарға дейін) адам өздеріне жұмыс таба алды, баспана және қамқорлық алды. Еңбексүйгіштік үйлер идеясы ақырында бүкіл Ресей бойынша таралды[2].

Қазақстанда мемлекет пен бизнес тарапынан әлеуметтік кәсіпкерлік сипаттағы түсініспеушілік, заңнамалық және әкімшілік насихаттау идеяларының қиындықтары бар. Сондай-ақ әлеуметтік кәсіпкерлікті үйлестіруге механизм құрылымы жоқ екенін, әлеуметтік бизнес-бастамаларды қамтамасыз етуге қаржыландыру көздері тартылмау мәселесі болып табылады.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті енгізу арқылы, біз бір жағынан әлеуметтік мәселені, екінші жағынан, коммерциялық мәселелерді шеше аламыз. Мысалы, Ұлыбританияда әлеуметтік кәсіпкерлік ЖІӨ-нің шамамен 10% -ын өндіреді. Қазақстанда мүлдем басқа сурет байқалады. Осы механизмді іске қосу үшін, заңнамаға сәйкес өзгерістер енгізу, осы үшін қажетті инфрақұрылымды салу қажет. Біз іс жүзінде әлеуметтік кәсіпкерлік тетіктерін қайда қолдануды,

сондай-ақ мемлекет не алатынын білуіміз қажет. Әлеуметтік кәсіпкерлік мемлекетке тиімді, ол күрделі мәселелерді шешу, бюджет шығындарын азайтуға көмектеседі.

Сондай-ақ, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың өзектілігі экономикалық белгісіз уақытта айқын екенін атап өтуге болады. Әлеуметтік кәсіпкерлер қызметінің басым бағыттары болып мектепке дейінгі, одан әрі білім беру, азық-түлік мәселесі, егде жастағы адамдардың проблемасы, мүгедектерді жұмыспен қамту, балалар үйлерінің түлектерін жұмыспен қамту, көп балалы және жалғыз-басты аналарды жұмыспен қамту, жұмыссыздық мәселелері, мәдениет, спорт, экология табылады. Әрбір бағыт тиісінше белгілі бір әлеуметтік мәселелерден туындайды.

Біріншіден, әлеуметтік кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкер, әлеуметтік кәсіпорын сияқты ұғымдар заңнамалық түрде бекітілмейді. Бізде өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап, мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамдарынан құрылған әлеуметтік кәсіпорын бар. Яғни, бес компания болса да, «әлеуметтік кәсіпкерлік» ұғымы жоқ. Әлеуметтік кәсіпорындар, ол мәдениет және демалыс үйлері, қоғамдық кітапханалар және т.б., бірақ заңда көрініс таппады, сондықтан, бәлкім, көбі осындай әлеуметтік-кәсіпкерлік ұғымдарын бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, әлеуметтік жоба ретінде шатастырады. Әлеуметтік кәсіпкерлік - экономикалық тиімділікке және кәсіпкерлік жаңашылдыққа қол жеткізу арқылы әлеуметтік миссияны байланыстыратын әлеуметтік қызметті жүзеге асыратын әдіс.

Өткен жылы «Атамекен» кәсіпкерлер ұлттық палатасы жүйелі түрде Қазақстанда осы саланы дамыту жөніндегі жұмысты жүзеге асыру үшін іс-шаралар өткізді. ҰКП қызметі халықаралық әріптестерден қолдау тапты, солар арқылы «Атамекенде» әлеуметтік кәсіпкерлік келешегін талқылау үшін семинар-кеңес өтті, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткен болатын, әлеуметтік кәсіпкерлік жөнінде алғашқы топтамасын шығарды. Сонымен қатар, ҰКП арқылы әлеуметтік бастамалар және жастар арасында кәсіпкерлік қоры құрылды. Сондай-ақ, Ұлттық палатаның жауапты қызметкерлері, Парламент депутаттары және әлеуметтік кәсіпкерлер АҚШ-қа шығып, осы саладағы өздерінің тәжірибелерімен танысты[3].

Қорыта келе, осы орайда әлеуметтік кәсіпкерлік бірқатар мәселелерді, мемлекеттің олқылықтарын шешуге мүмкіндік береді, шағын бизнес пен үкіметтік емес ұйымдар аутсорсингіне экологиялық мәселелерді шешу үшін мемлекеттің кейбір функцияларын беруге, мемлекеттің әлеуметтік саясаты, бюджеттік қаражатты үнемдеуге ықпал ететін болады. Халықаралық тәжірибе әлеуметтік кәсіпкерлер қоғамның ең өзекті мәселелерін шешу үшін арналған деп көрсетеді. Осыған байланысты бұл мәселелерді шешудің келесідей жолдары қарастырылуда:

- әлеуметтік кәсіпкерлердің табысқа жәрдемдесу іс-қимыл жоспарын әзірлеу;

- «әлеуметтік кәсіпорын» терминін, оның түрлері, қаржыландыру принциптерін нормативтік құқықтық актілер заңнамасына бекіту;

- ҚР ҰКП арқылы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту қорын құру;

- әлеуметтік жобаларды қолдау үшін қаржы институттарын енгізу.

Әдебиеттер

1 Джилл Кикал, Томас Лайонс. Социальное предпринимательство: миссия – сделать мир лучше. Understanding Entrepreneurship. The Relentless Pursuit of Mission in an Ever Changing World. — М.: Альпина Паблишер, 2014. — 304 с. — ISBN 978-5-9614-4458-2.

2 Арай Ю. Н. Социальное предпринимательство в начале XXI века: основные понятия и страновые особенности / Ю. Н. Арай // Российский журнал менеджмента. - 2013. - № 1. - С. 111-130.

3 <http://atyrau.palata.kz/kk/news/>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Аймұрза А.М.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші: Нарымбетова А.Ж.

Инвестицияларды дұрыс басқара білу кәсіпорынның экономикалық тиімділігіне, қаржылық тұрақтылығына, оның өз бизнес саласындағы өміршеңдігіне айтарлықтай әсер ететіні сөзсіз. Сондықтан да, инвестициялық қызметті басқару кәсіпорындағы қаржы менеджментінің маңызды да жауапты міндеттерінің бірі болып табылады.

Инвестицияларды басқарудың құрамына келесілер кіреді:

- инвестицияларды мемлекеттік деңгейде басқару – бұл инвестициялық қызметті заңды түрде реттеуді, бақылауды және ынталандыруды қажет етеді;

- жеке инвестициялық жобаларды басқару – бұл қазіргі заман талаптарына сай әдістер мен басқару техникасын қолдану арқылы инвестициялық жобаны жүзеге асыру барысын жоспарлауды, ұйымдастыруды және бақылауды қамтиды;

- жеке кәсіпорынның инвестициялық қызметін басқару – бұл кәсіпорын тарапынан инвестициялау объектілерін таңдаумен және инвестиция барысын бақылаумен сипатталады.

Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасының қайта құрылуының қоры жайлы» Заңы өз күшін жоғалтып, жойылса да, өзінің өтпелі «көпір» ретіндегі рөлін атқарған болатын. Нарықтық шаруашылық кезінде реттеуші рөлін «сұраныс-ұсыныс» принципі атқарса да, өтпелі кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен спецификасы бар. Әсіресе Қазақстан экономикасы үшін инвестициялық процесті қаржыландыру көзінің ішінде біршама маңызы бар көздер – бюджеттік ассигнациялар, бюджеттен тыс қор, Үкімет кепілімен сыртқы қарыз алу, инвестициялық процеске мемлекеттің араласуын керек етеді. Бұл мақсатта